



## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

### 2021 Қараша

2021 жылғы қарашада жылдық инфляция 8,7% құрады (қазанда – 8,9%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 10,9%-ға (қазанда – 11,3%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 8,3%-ға (қазанда – 7,8%), ақылы қызметтер бағасы 6,4%-ға өсті (қазанда – 6,9%).

Өңірлер бойынша жылдық инфляцияның бәсеңдеуі 11 өңірде, жеделдеуі 4 өңірде байқалып, 2 өңірде бағаның өсу қарқыны өзгеріссіз қалды. Бағаның өсу қарқынының ең айқын баяулауы Қарағанды (қазан айындағы 9,6%-дан қараша айында 8,9%-ға дейін) және Атырау (9,2%-дан 8,5%-ға дейін) облыстарында, ең айқын жеделдеуі Шығыс Қазақстан облысында орын алды (8,8%-дан 9,2%-ға дейін). Жылдық инфляция 10 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалды (9,4% және 9,2%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2020 қараша – 2021 қараша), %-бен

Маңғыстау		7,5	9,4
Шығыс Қазақстан		7,2	9,2
Ақмола		7,3	9,0
Түркістан		7,8	9,0
Қарағанды		7,4	8,9
Ақтөбе		7,0	8,8
Батыс Қазақстан		7,1	8,8
Жамбыл		6,9	8,8
Павлодар		7,7	8,8
Солтүстік Қазақстан		7,1	8,8
Қазақстан Республикасы		7,3	8,7
Нұр-Сұлтан қ.		7,6	8,6
Алматы қ.		7,0	8,6
Атырау		7,4	8,5
Қостанай		7,1	8,5
Қызылорда		7,3	8,5
Алматы		7,1	8,4
Шымкент қ.		7,2	8,3

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Маңғыстау (12,2%), Ақмола (11,7%), Қызылорда (11,3%), Ақтөбе (11,2%), Атырау (11,1%), сондай-ақ Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстары және Алматы қаласында (11,0%-дан) жалпы республикалық деңгейден (10,9%) жоғары қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсімі ел бойынша өсімнен (8,3%) келесі өңірлерде жоғарырақ болды: Қарағанды (9,3%), Ақмола (9,2%), Ақтөбе (9,2%), Павлодар (8,8%), Шығыс Қазақстан (8,8%) және Солтүстік Қазақстан (8,4%) облыстары.

Елімізде ақылы қызметтер 6,4%-ға қымбаттады, ал Батыс Қазақстан (7,7%), Жамбыл (7,5%), Шығыс Қазақстан (7,4%), Түркістан (7,2%), Маңғыстау (7,1%) облыстары және Шымкент қаласында (6,8%) ақылы қызметтер бағасы жоғарырақ қарқынмен өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	10,9	8,3	6,4
Ақмола облысы	11,7	9,2	5,4
Ақтөбе облысы	11,2	9,2	5,4
Алматы облысы	10,8	8,0	5,7
Атырау облысы	11,1	7,9	5,8
Батыс Қазақстан облысы	10,7	7,4	7,7
Жамбыл облысы	10,7	7,7	7,5
Қарағанды облысы	10,8	9,3	6,0
Қостанай облысы	10,6	8,1	6,1
Қызылорда облысы	11,3	8,2	5,2
Маңғыстау облысы	12,2	8,2	7,1
Павлодар облысы	11,0	8,8	6,0
Солтүстік Қазақстан облысы	11,0	8,4	6,4
Түркістан облысы	11,0	8,3	7,2
Шығыс Қазақстан облысы	11,0	8,8	7,4
Нұр-Сұлтан қ.	10,4	8,3	6,4
Алматы қ.	11,0	7,7	6,3
Шымкент қ.	9,5	8,2	6,8

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2021 жылғы қарашада елімізде айлық инфляция 0,7% құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2016-2020жж) орташа өсімнен төмен. Ағымдағы жылдың қараша айында өзінің орташа нормасынан артық өсім тек Шығыс Қазақстан мен Ақмола облыстарында тіркелді (сәйкесінше, 1,2% және 1,1%). Қалған өңірлерде бағаның айлық өсу қарқыны соңғы 5 жылғы нормасының айналасында немесе одан төмен деңгейде қалыптасты. Айлық инфляцияның өсу қарқынының айтарлықтай бәсеңдеуі Түркістан (0,3%), Қарағанды (0,6%), Атырау (0,3%) облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында (0,9%) орын алды. Бұл өңірлерде қараша айының соңғы 5 жылдағы нормасы әлдеқайда жоғары (сәйкесінше, 0,9%, 1,1%, 0,7% және 1,3%).

2-кесте. Қарашадағы айлық инфляцияны 2016-2020 жылдардағы қараша айының орташа мәнімен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы қарашаның орташа мәні	Қараша 2021	Өңірлер	5 жылдағы қарашаның орташа мәні	Қараша 2021
Қазақстан Республикасы	0,9	0,7	Қызылорда облысы	0,9	0,8
Шығыс Қазақстан облысы	0,9	1,2	Алматы облысы	0,8	0,8
Ақмола облысы	1,0	1,1	Алматы қ.	0,8	0,7
Павлодар облысы	1,1	1,0	Жамбыл облысы	0,8	0,7
Солтүстік Қазақстан облысы	0,9	0,9	Қарағанды облысы	1,1	0,6
Ақтөбе облысы	1,1	0,9	Маңғыстау облысы	0,7	0,4
Нұр-Сұлтан қ.	1,3	0,9	Шымкент қ. <sup>1</sup>	0,7	0,4
Батыс Қазақстан облысы	0,9	0,9	Түркістан облысы	0,9	0,3
Қостанай облысы	0,9	0,8	Атырау облысы	0,7	0,3

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

<sup>1</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы орташа мән